

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 5 тамыз

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 102-н/қ

город Нур-Султан

**Бос лауазымдарға
педагогтарды қабылдау бойынша
конкурстық комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес (Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 №568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.11.2021 №438 бірлескен бұйрығы) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 – 2023 оқу жылына бос лауазымдарға педагогтарды қабылдау бойынша төмендегі құрамда конкурстық комиссия құрылсын:

№	Комиссия	Аты-жөні	Лауазымы
1	Төрағасы	Жангазакова К.Е.	директор
	Хатшысы	Джексенбаева А.А.	кадр жөніндегі инспектор
2	Комиссия мүшелері	Курманова А.М.	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3		Жанабилова А.А.	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
4		Сыздыкова С.Т.	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
5		Алматова А.М.	информатика мұғалімі
6		Кожаметов Д.К.	математика мұғалімі
7		Амиргалиева Д.К.	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК-ның әдіскері
8		Сулейменова А.Е	кәсіподақ төрағасы
9		Турабекова Л.Г.	Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының бас маманы

2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жұмыспен қамту орталығы» КММ-нің электрондық еңбек биржасы «enbek.kz» порталында, мектеп сайтында бос лауазымдар орналастырылсын.

3. Бос лауазымдарға педагогтарды қабылдау бойынша конкурстық комиссия отырысы негізінде:

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларына» 11-қосымша нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағының 9-тармағындағы «Кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері» санағанда «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 Бұйрығына сәйкес алынсын;

- конкурстық комиссия шешімі хаттамамен ресімделсін;

- конкурстың нәтижелері мектеп сайтында конкурстың соңғы отырысы өткізілген күні жариялансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



К.Жангазакова